

Қазақстан Республикасындағы өндіруші салалар қызметінің ашықтығы бастамасының имплементациясы бойынша ұсыныстар әзірлеу жөнінде жұмыс тобын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 28 қарашадағы N 342-е Өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы N 390-е Өкімімен.

Ескерту. Өкімнің күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы N 390-е Өкімімен.

1. Қолданыстағы заңнамаға Қазақстан Республикасындағы өндіруші салалар қызметінің ашықтығы бастамасының имплементациясы бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігін талдау мен зерделеу мақсатында мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

- | | |
|------------------|---|
| Ақшолақов | - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі, жетекші |
| Болат Оралұлы | |
| Құсайынов | - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі |
| Марат Эпсеметұлы | |
| Баталов | - Қазақстан Республикасының Индустрія және сауда вице-министрі |
| Асқар Болатұлы | |
| Құсдәулетов | - Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі |
| Дулат Рашитұлы | |
| Ерғожин | - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті мамандандырылған бөлімінің бастығы |
| Дәүлет Еділұлы | |
| Сартбаев | - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі |
| Медет Мақсұтұлы | Төрағасының орынбасары |

2. Жұмыс тобы 2007 жылғы 1 ақпанға дейін қолданыстағы заңнамаға Қазақстан Республикасындағы өндіруші салалар қызметінің ашықтығы бастамасының имплементациясы бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

3. Жұмыс тобына белгіленген тәртіппен жұмыс тобының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша орталық атқарушы органдар мен өзге де үйымдардың мамандарын тарту, сондай-ақ қажетті ақпараттарды сұрату құқығы берілсін.

4. Жұмыс тобының қызметін бақылау мен үйлестіру Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі Б.С. Ізмұхамбетовке жүктелсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК